



**Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігінің мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 9 сәуір N 310. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.25. N 846 қаулысымен. ~P990846

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 45, 410-құжат) және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын жүзеге асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда

министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігі туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігінің құрылымы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 9 сәуірдегі

N 310 Қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және

сауда министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі
агенттігі туралы
ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Қазақстан Республикасының авторлық құқық пен сабактас құқықтар
саласындағы саясатын жүзеге асыру.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасының авторлық құқық пен сабактас құқықтар саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Аппаратты ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің аппаратын ұстауға арналып көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

4. Агенттік заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

II. Басымдықтары

5. Агенттіктің басымдықтары:
қазақстандық авторлар мен сабактас құқық иелерінің құқықтарын шетелдерде тиімді қорғау;

Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік авторлар мен сабактас құқықтар иелерінің құқықтарын бара-бар қорғау;

авторлық құқық пен сабактас құқық объектілерін заңсыз пайдалануға қарсы күресу;

авторлық құқық пен сабақтас құқықтар саласындағы халықаралық конвенцияларға қосылуды қамтамасыз ету болып табылады.

III. Агенттіктің міндеттері

6. Агенттіктің міндеттері:

Қазақстан Республикасында авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыру;

ғылым, әдебиет және өнер туындыларын, орындауларды, қойылымдарды, фонограммаларды және хабарларды ТМД мемлекеттерінде және шетелдерде пайдалану кезінде қазақстандық және шетелдік авторлар мен сабақтас құқықтар иелерінің, олардың мирасқорларының авторлық және сабақтас құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдану;

авторлық құқық пен сабақтас құқықтар саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар жасауға қатысу;

өзге мемлекеттік органдарға өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ғылыми-әдістемелік көмектер көрсету болып табылады.

IV. Агенттіктің функциялары мен құқықтары

7. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

шығармаларды пайдаланушылар авторлық құқық пен сабақтас құқықтардың нормаларын сақтауына және авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы халықаралық көлісімдердің атқарылуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

авторлардың құқықтарын басқаратын ұйымдар мен ұжымдық негіздегі сабақтас құқықтар иелерінің қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасында авторлық және сабақтас құқықтар туралы зандарды жетілдіруді қамтамасыз етеді, қазақстандық авторлар мен сабақтас құқықтар иелерінің үздік шығармаларын, орындауларын, қойылымдарын, фонограммаларын, эфирде және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарлар (бұдан әрі - хабарлар) шет елдерде насихаттауға жан-жақты жәрдем көрсетеді, шығармаларды орындауға арналған құқықтардың импорты мен экспортын ұйымдастыруға ықпал етеді;

авторлық құқық пен сабақтас құқықтар саласындағы зандардың қолданылу практикасын, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді қорытады және белгіленген тәртіппен қорытудың нәтижелерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді, сондай-ақ тиісті орталық атқарушы органдармен бірге шығармаларды, орындауларды, қойылымдарды, фонограммаларды,

хабарларды пайдалану туралы нормативтік құқықтық актілерді дайындауға қатысады;

құқықтардың иелері мен олардың пайдаланушы мирасқорларына берілген лицензиялық шарттарды тіркейді;

белгіленген тәртіппен авторлық және сабактас құқықтарды өзара қорғау туралы халықаралық келісімдер мен шарттарды дайындауға және жасасуға қатысады, мұндай келісімдер мен шарттарға қол қояды;

азаматтар мен ұйымдарға авторлық құқық пен сабактас құқықтар мәселелері бойынша консультация береді;

ғылым, әдебиет және өнер туындыларының қолжазбаларын сақтауға қабылдайды;

8. Агенттікке мынадай өкілеттіктер берілген:

ұжымдық негізде авторлардың мүліктік құқықтарын басқаратын ұйымдардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

авторлық құқық пен сабактас құқықтардың объектілерін пайдаланатын занды және жеке тұлғалардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша авторлық және сабактас құқықтарды өзара қорғау туралы халықаралық келісімдер мен шарттарды дайындауға және оларға қол қояға қатысады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша авторлық құқық пен сабактас құқықтар мәселелері жөніндегі халықаралық конференциялар мен кеңестерде елді білдіреді және олардың жұмысына қатысады;

белгіленген тәртіппен авторлық құқық пен сабактас құқықтарға жататын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға қатысады;

шетелдік авторлық-құқықтық ұйымдармен келісімдер жасасады.

9. Агенттіктің өз құзыретінің шегінде:

белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан және азаматтардан авторлық құқық пен сабактас құқықтардың объектілерін пайдалану фактілері, оларды пайдалануға байланысты алынған кірістер туралы ақпараттар сұратуға және алуға, оларды белгіленген тәртіппен қозғау және қарau үшін авторлық құқық пен сабактас құқықтар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасауға;

орталық және жергілікті атқарушы органдарға олар қабылдаған авторлық құқық пен сабактас құқықтар туралы зандарды бұзатын актілерді тоқтату немесе өзгерту туралы ұсыныс енгізуге;

зандардың бұзылуын жою мақсатында сотқа талап-арыз беруге,

оларды қарauға қатысуға, сондай-ақ үшінші тұлғалардың

талап-арыздарын қолдауға;

авторлық құқық пен сабактас құқықтарды қамтамасыз ету мәселелеріне арналған кітаптар, бюллетендер, әдістемелік құралдар, жарнамалық және ақпараттық материалдар шығаруға;

белгіленген тәртіппен Агенттікке жүктелген міндеттерді орындау үшін меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда болуға құқығы бар.

V. Агенттік пен оның лауазымдық тұлғаларының жауапкершілігі

10. Агенттік өзіне жүктелген міндеттердің уақытылы және сапалы орындалуы үшін жауапкершілікте болады.

Агенттіктің директоры Агенттіктің өзіне жүктелген міндеттерді орындауы үшін дербес жауапкершілікте болады.

VI. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

11. Агенттікті Директор басқарады.

Агенттіктің директорын Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады.

Агенттік директорының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі қызметке тағайындаитын және қызметінен босататын орынбасары болады.

12. Агенттіктің директоры:

Агенттіктің жұмысына жалпы басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

Директордың орынбасары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының міндеттері мен жауапкершілігінің дәрежесін айқындайды;

Агенттіктің қызметкерлерін қызметке тағайындаиды және босатады;

Агенттіктің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

Агенттіктің функциялары мен міндеттерінің орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіппен занды және жеке тұлғалармен қатынастарда

Агенттікті білдіреді. Агенттіктің атынан келісімдер, шарттар және өзге де мәмілелер жасасады;

зандарда белгіленген тәртіппен Агенттіктің құрылымдық бөлімшелерін құрады және таратады;

Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

қолданылып жүрген зандарға сәйкес Агенттіктің атынан занды және жеке тұлғаларға талаптар мен талап-арыздар ұсыну туралы шешім қабылдайды;

мемлекеттік органдарда, қоғамдық және басқа да қазақстандық және шетелдік ұйымдарда Агенттікті білдіреді;

қолданылып жүрген зандардың сақталуын қамтамасыз етеді;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілермен өзіне берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

13. Агенттіктің директоры болмаған жағдайда оның өкілеттігін орынбасары жүзеге асырады.

14. Агенттік зандарда белгіленген тәртіппен таратылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 9 сәуірдегі
N 310 Қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігінің
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Интеллектуалдық меншік объектілерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын қамтамасыз ету жөніндегі және аймақтармен жұмыс жөніндегі бөлім

Ұйымдардың, ведомстволардың қызметін үйлестіру және шығармаларды сақтауға беру бөлімі

Авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуына бақылау
жасау бөлімі

Агенттіктің ішкі қызметін қамтамасыз ету бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК